

Құрманғазы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы

Мерзімі біткен

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 371 қаулысы. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қантарда № 4-8-136 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148-II "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1 бабының 2, 3 тармақшалары негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 558 "Мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгі стандартын бекіту туралы" қаулысын орындау мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Құрманғазы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мемлекеттік қызмет көрсету стандарты қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Қаулы мұдделі жақтарға жолдансын.
3. Осы қаулы Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткен соң, алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілсін.
4. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімі аппаратының басшысы А. Тәжібаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

С. Амангалиев

Аудан әкімдігінің
2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 371
қаулысымен бекітілген қосымша

**"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж
азаматтарды есепке алу және кезекке қою"**

Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтің анықтамасы: Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою.
2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.
3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге негіз болатын нормативтік құқықтық актінің (Заңнамалық акт, Қазақстан Республикасы Президентінің актісі, Қазақстан

Республикасы Үкіметінің актісі) атауы мен бабы (тармағы): Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 17 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заны.

4. Осы мемлекеттік қызметті ұсынатын мемлекеттік органның, мемлекеттік мекеменің немесе өзге де субъектілердің атауы: Құрманғазы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі. Құрманғазы ауданы, Ганюшкин селосы, Көшекбаев көшесі, 25 а, тел. 2-15-55, 2-15-62.

5. Тұтынушиға көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетудің аяқталуы нысаны: Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке және заңды тұлғалардың санаты: Жеке тұлғалар.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынуши қажетті құжаттарды тапсырған (тіркелген сэттен, талон алғаннан бастап және тағы сол сияқты) электронды саул берген сэттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: 1 ай мерзім ішінде.

2) Қажетті құжаттарды тапсырған кезде (тіркеу, талон алу кезде және тағы сол сияқты) кезек күтүге, электрондық саулалды қалыптастыруға рұқсат берілген ең ұзақ уақыт: 3 күн;

3) Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі ретінде құжаттарды алған кезде кезек күтүге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт, файлдың рұқсат берілген жоғарғы мөлшері: 3 күн

8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ақылы немесе тегіндігін көрсету. Ақылы болған жағдайда құның, төлеу нысаның мемлекеттік қызметтің құның алым, (төлем) төлеу кезінде толтырылуы талап етілетін құжаттың қажетті нысандарын (түбіртегін) көрсету: Мемлекеттік қызмет көрсету тегін.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына және қол жетімділігіне қойылатын талаптар туралы ақпарат көзі ретінде мемлекеттік қызмет көрсету стандартын міндетті түрде орналастыру орны: Құрманғазы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі. Құрманғазы ауданы, Ганюшкин селосы, Көшекбаев көшесі, 25 а, тел. 2-15-55, 2-15-62.

10. Жұмыс кестесі (күндер, сағаттар, үзілістер): дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері. Сағат: 08.30-18.00 дейін, үзіліс 12.30-14.00-ге дейін.

11. Қызмет көрсетілетін орынның шарттары: Құрманғазы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жұмыс кабинетінде түсініктер беріледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін, оның ішінде жеңілдіктері бар адамдар үшін қажетті құжаттар мен талаптардың тізбесі:

- 1) Арыз;
 - 2) Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен аз қамтылған отбасына жататындығы туралы, яғни атаулы әлеуметтік көмек алынатындығы жөнінде анықтама;
 - 3) Аудандық Әділет басқармасынан жанғылыштық құрамы туралы анықтама (поквартирная карточка);
 - 4) Құрманғазы аудандық Әділет басқармасынан арызданушының және онымен үдайы тұратын отбасы мүшелерінің меншік құқығында оларға тиесілі үй-жайдың мәліметі туралы анықтама;
 - 5) Жеке күәлік көшірмесі;
 - 6) СТН (РНН) көшірмесі;
 - 7) Селолық округі әкімі аппаратының үйге мұқтаждығы туралы берген анықтамасы.
13. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылуы қажет бланк берілетін орын: Құрманғазы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі.
14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті толтырылған бланкілерді, нысандарды, өтініштерді және басқа да құжаттарды қабылдайтын орын: Құрманғазы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі. Құрманғазы ауданы, Ганюшкин селосы, Көшекбаев көшесі, 25 а, тел. 2-15-55, 2-15-62.
15. Тұтынушының мемлекеттік қызметті алу үшін немесе мемлекеттік қызметті алған күні белгіленген барлық қажетті құжаттарды тапсырғаның растайтын құжаттың атауы: барлық қажетті құжаттарды тапсырғаның растайтын анықтама беріледі.
16. Қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілдері мен регламенттері (электрондық пошта, сайт арқылы, жеке бару, курьер және тағы сол сияқты): Қызмет көрсетудің соңғы нәтижесін беретін сайтқа сілтемені беру, жауапты адамның мекен-жайын мен кабинетінің нөмері көрсету: жеке бару, аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне.
17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту негіздері:
- 1) Қажетті құжаттардың толық болмауы;
 - 2) Құжаттардағы түзетулер немесе дұрыс толтырылмаса.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Мемлекеттік органның тұтынушыға қатысты қызмет көрсетуде басшылыққа алатын жұмыс қағидаттарын санамалау: сыпайылық, көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпараттар беру, тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялышын қамтамасыз етеді, тұтынушының белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуы қамтамасыз етіледі.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Уәкілетті лауазымды адамдардың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі:

Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің менгерушісі. Құрманғазы ауданы, Ганюшкин селосы, Көшекбаев көшесі, 25 а, тел. 2-15-55.

22. Шағым берілетін мемлекеттік органның атауын, мекен жайы және лауазымды қызметкер: Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің менгерушісі. Құрманғазы ауданы, Ганюшкин селосы, Көшекбаев көшесі, 25 а, тел. 2-15-55.

23. Шағымның қабылданғанын растайтын және берілген шағымға жауап алғын мерзім мен орынды көздейтін құжаттың атауы, шағымның қаралуы барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері: Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі. Құрманғазы ауданы, Ганюшкин селосы, Көшекбаев көшесі, 25 а, тел. 2-15-62.

6. Байланыс ақпараты

24. Тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган, мекеме немесе өзге де субъект басшысының, оның орынбасарларының және жоғары тұрған ұйымның байланыс деректері Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі. Құрманғазы ауданы, Ганюшкин селосы, Көшекбаев көшесі, 25 а, тел. 2-15-55.

25. Тұтынушы үшін басқа да пайдалы ақпарат: қосымша ақпараттар қажет етілмейді

Мемлекеттік қызмет көрсету стандартына қосымша

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштер дің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақтылығы			

1.1. Күжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	100%	100%	100%
1.2. Қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	80-85%	80-85%	80-85%
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	90%	90%
2.2. Күжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	100%	100%	100%
3. Қол жетімділік			
3.1. Қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және акпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	90%	90%
3.2. Тұтынушы күжаттарды дұрыс толтырған және бірінші ретten тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80%	80%	80%
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің акпарат % (үлесі)	50%	50%	50%
4. Шағымдану үдерісі			
4. Қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,5%	0,5%	0,5%
4.5. Белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылмаған негізделген шағымдардың % (үлесі)	100%	100%	100%

4.6. Шағымдардың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	90%	90%
4.4. Шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	90%	90%
5. Сыпайылық			
5.1. Қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	90%	90%

Көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандарттарының көрсеткіштерін анықтау жөніндегі модельдік әдістемелік ұсынымдарға сәйкес есептеледі (сайт www.kuzmet.kz).